

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне азаматтардың және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметпен айналысу еркіндігіне құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 29 қараша N 488-I

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ ССР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., N 14 (қосымша), N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987, N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41 құжат; N 8, 55 құжат; N 9-10, 64 құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 13, 194-құжат; N 14, 201-құжат; N 22, 310-құжат; 1999 жылғы 29 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақ КСР-інің Әкімшілік право бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы " 1999 жылғы 28 маусымдағы Z990408\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 31 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990430\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 3 және 7 тамызда "Егемен Қазақстан" және 3 және 5 тамызда Казахстанская правда газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990436\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 9

қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қазыналық кәсіпорындардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 4 қарашадағы Z990472\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

мынадай мазмұндағы 185-7-баппен толықтырылсын:

"185-7-бап. Шағын кәсіпкерлік субъектісі лауазымды адамдарының мемлекеттік органдардың шаруашылық қызметті тоқтата тұру және оған тыйым салу туралы нұсқамаларын орындамауы

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лауазымды адамдарының мемлекеттік органдардың заңда көзделген құзыреті шегінде шаруашылық қызметті тоқтата тұру және оған тыйым салу жөніндегі нұсқамаларын орындамауы, лауазымды адамдарға - он бестен жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айып салуға әкеп соғады, ал егер істің мән-жайына қарай, тәртіп бұзушының жеке басын ескере отырып, бұл шараларды қолдану жеткіліксіз деп танылса, он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады.

2. "Қазақ КСР-індегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы" 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1990 ж., N 51, 483-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 176-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; N 21, 130-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат):

16-бапта:

- бірінші бөліктің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

" - кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру және тоқтату;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың бірінші бөлігіндегі жетінші абзацта көзделген санкциялар шағын кәсіпкерлік субъектісіне бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың талап арызы негізінде сот шешімі бойынша қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекше жағдайларда шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметін сот шешімінсіз тоқтатуға немесе тоқтата тұруға талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етілуі мүмкін. Бұл орайда бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органның шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы актісі сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

3. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Z922500\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424 құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121 құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар):

1) 1-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "Осы Заңда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 2-тармағының 5) тармақшасында "жеке кәсіпкерлік қызметті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке кәсіпкердің қызметін" деген сөздермен ауыстырылсын және " мәжбүрлеп тоқтату" деген сөздерден кейін "немесе тоқтата тұру;" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 25-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметін тоқтатуды немесе тоқтата тұруды бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы талап арызын уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ерекше жағдайларда шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметін сот шешімінсіз тоқтатуға немесе тоқтата тұруға талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етілуі мүмкін. Бұл орайда бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органның қызметті тоқтату немесе тоқтата тұру туралы актісі сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

4. "Еңбекті қорғау туралы" 1993 жылғы 22 қаңтардағы Z933000\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 40-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат):

9-бапта:

бірінші бөліктегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен" деген сөздер " Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен бекітілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асырушы мемлекеттік органдарға, олардың уәкілетті лауазымды адамдарына авариялық жағдайлар пайда болған, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына тікелей анық қауіп төнген ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

5. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі Z942000\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 8, 131-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-құжат):

17-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арыз Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жіберіледі.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуына немесе оны тоқтата тұруына карантиндік, аса қауіпті, жұқпалы, паразиттік және кәсіби аурулардың таралу қаупі анық туындаған кездегі ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

6. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 жылғы 31 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990430\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 3 және 7 тамызда "Егемен Қазақстан" мен 3 және 5 тамызда "Казахстанская правда газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990436\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 27 тамызда "Егемен Қазақстан" және 24 тамыз бен 1 қыркүйекте "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 11 тамыздағы Z990467\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 13 қазанда "

Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 8 қазандағы Z990471\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 22-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұруды лицензиардың, бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы өтінішті уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекше жағдайларда шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының қолданылуын сот шешімінсіз тоқтата тұруға талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.";

2) 24-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "қызмет" деген сөз "шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мал дәрігерлігі туралы" 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2376 U952376\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 14, 94-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 24, 443-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағының он төртінші абзацындағы "ұйымдары" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 13-бапта:

сегізінші абзацтағы тоқтата тұруға деген сөздерден кейін "және оған тыйым салуға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісінің шаруашылық қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі, сақтаудағы, тасымалдаудағы және өткізудегі мал дәрігерлік-санитариялық ережелердің бұзылуын жойғанға дейін мемлекеттік мал-дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың өтініші бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға жануарлардың және құстардың карантин белгіленетін жұқпалы аурулары анықталған ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

8. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Z960048\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 жылғы 13 тамызда "Егемен Қазақстан" және 28 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990437\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

10-бап мынадай мазмұндағы алтыншы, жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

"Ұйымдарды, объектіні, ғимаратты, үйді салу, қайта жаңғырту, кеңейту немесе техникалық жағынан қайта жарактау кезінде өрт қауіпсіздігінің нормалары мен ережелері бұзылған жағдайда, сондай-ақ жобаларда көзделген өрт қауіпсіздігінің талаптары орындалмаған жағдайда шағын кәсіпкерлік субъектілері жүзеге асыратын ұйымның, жекелеген өндірістердің, өндірістік учаскелердің, агрегаттардың жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұру, үйлерді, ғимараттарды, электр желілерін, жылыту аспаптарын пайдалануға және өрт қауіпі бар жұмыстарды жүргізуге тыйым салу Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өтініші бойынша сот арқылы жүргізіледі. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің жұмысына ішінара немесе толық тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға ерекше жағдайларда, өртке қарсы нормалар мен ережелердің бұзылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына анық қауіп төндірген кезде талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы актісі сот шешімі шыққанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының Өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы, оның орынбасары, Қазақстан Республикасының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өрт қадағалау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, өрт қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру жөніндегі уәкілетті лауазымды адамдар болып табылады."

9. "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Z970135\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы,

1997 ж., N 12, 185-құжат; N 22, 333-құжат):

33-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органның өтініші бойынша сот арқылы жүргізіледі.

Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы талап арызды уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкердің қызметін сот шешімінсіз тоқтата тұруға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етілуі мүмкін. Бұл орайда қызметті тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

10. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы 1997 жылғы 19 маусымдағы Z970131\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 жылғы 6 тамызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Z990458\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

16-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Бақылау және қадағалау міндеттерін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тек сот тәртібімен ғана тыйым салуы немесе оны тоқтата тұруы мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салу немесе оны тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген ерекше жағдайларда 3 күннен аспайтын мерзімге рұқсат етілуі мүмкін. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

11. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Z970160\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат):

1) 10-баптың 2-тармағының төртінші абзацындағы "қайта құруға" деген сөздерден кейін "сот тәртібімен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 77-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісінің экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге

асырылатын шаруашылық және өзге де қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру сот шешімі негізінде жүргізіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

12. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Z990344\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-күжат):

8-бапта:

б) тармақша "тоқтата тұруға" деген сөздерден кейін "және тыйым салуға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салуды немесе оны тоқтата тұруды Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік фитосанитариялық қызметтің лауазымды адамдары сот шешімінің негізінде жүзеге асырады.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды Өсімдіктер карантині жөніндегі фитосанитариялық қызмет органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға

немесе оны тоқтата тұруға карантиндік объектілер анықталған ерекше жағдайларда талап арызды 3 күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндеттеліп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады."

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:  
Қасымбеков Б.А.



Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК